



ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева І жартыжылдықта атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Жыл басынан бастап 4652 жаңа жұмыс орны құрылып, оның ішінде 1123 азамат тұрақты жұмыспен қамтылды.

- Жалпы, бөлім арқылы 16 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, оның 13-і әлеуметтік төлемдер. Мәселен, бүгінде 2893 отбасыға мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек ай сайын төленуде. Сондай-ақ, жекелеген санаттағы азаматтар бойынша 1923 адамға әлеуметтік көмек төленді, – деді Кенжегүл Құрақбаева.

Айта кету керек, 186 жалғыз басты бөгде адамның көмегіне мұқтаж картка, 270 мүгедектігі бар балаға, 82 белгілі тұрғылықты жері жоқ адамға, күндізгі жартылай стационарлық жағдайда 276 ардагерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіліп келеді. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар ішінен 359 адамға құқықтық, психологиялық көмектер көрсетілді.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау бағытында да арнайы компьютерлік орталық және «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды қолдау орталығының қызметтері ұйымдастырылуда.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫНЫҢ ИГЕРІЛУІ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде бюджет қаржысын игеру, суармалы су тапшылығы, санитарлық тазалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы мәселелері талқыланды. Оған қала және аудан әкімдері, сала басшылары қатысты.

«Барлық макроэкономикалық көрсеткіштің орындалуы, бюджеттің, оның ішінде республикалық бюджеттің игерілуіне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Жоспарға сәйкес қаржы ай сайын толық игерілуі қажет. Су тапшылығы жағдайында алқаптарды кезектестіріп суару, насостар арқылы қашыртқыдан суару жұмыстарын бақылауда ұстаңыздар. Өңірдегі туристік аймақтарды, демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды талапқа сәйкестендіріп, қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылаңыздар. Әсіресе, демалыс орындары мен рұқсат етілмеген су айдындарында азаматтар мен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек», - деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы қоғамдық-саяси ахуалды қатаң бақылауда ұстауды, санитарлық-тазалық, сенбілік жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруды жүктеді. Алдағы уақытта санитарлық-тазалық жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып, жоспарға сәйкес орындалады. Мұның барлығы облыс әкімінің тікелей бақылауында болмақ.



ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЕГІСТІК ЖАҒДАЙЫН БАҒАМДАП ҚАЙТТЫ

ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Мұрат Ерғешбаев, партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, Сенат депутаттары, партия мүшелері Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов Қармақшы ауданына жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында халық қалаулылары Жаңажол ауылдық округінде орналасқан «Жаңажол» ЖШС-нің 4 егіс бригадасының күріш алқабымен танысты.

«Жаңажол» серіктестігінің егіс көлемі 6 мың гектарға жуық. Бөліп қарайтын болсақ, оның 3100 гектары күріштік, 469 гектар жана жонышқа, 600 гектары ескі жонышқа, 5 гектар картоп, 325 гектар бидай, 39 гектар жүгері және 56 гектары судан шөбі егілген.

9,5 гектарды құрайтын алма бағы бар. Жерді игеруге 245 арнайы техникалармен қамтамасыз етілген. Бүгінгі күні серіктестікте 400 адам жұмыс жасайды.

Шаруашылық жұмысымен танысу барысында халық қалаулылары күріш егістігінің жай-күйі, агротехникалық шаралардың орындалуы мен өнімділік мәселелерін ортақ талқыға салып, шаруалардың ұсыныс пікірлерін тыңдады.



МИГРАНТ ІС-ШАРАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Аймақта 8-10 шілде аралығында өткізілген «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды. Шараның негізгі мақсаты – өңірде заңсыз көші-кон деректерін анықтау, алдын алу және оның жолын кесу. Қорытынды туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық Полиция департаменті Көші-кон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай мәлімдеді.

– «Мигрант» іс-шарасы аясында облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-кон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп рейдтік іс-шаралар жүргізілді

Іс-шара нәтижесінде барлығы 153 құқық бұзушылық тіркелді. Оның ішінде шетел азаматтарымен жасалған 93 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталып, 22 шетел азаматы ел аумағынан шығарылып, оларға бес жылға дейін Қазақстанға қайта кіруге тыйым салынды. Сонымен қатар, шетелдіктердің болу ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпеген және ҚР еңбек қызметін заңсыз жүзеге асырған ҚР-ның 62 азаматына қатысты әкімшілік шаралар көрілді. Осы ретте облыс тұрғындарына ескерту айтып келеді. Алдағы уақытта шет елдерден келген еңбек мигранттарының құжаттарын белгіленген мерзімде Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы заңдастырып, көші-кон заңнамасын бұлжытпай орындауға шақырамыз, – деді Сәбит Ханзадаұлы.

ӨҢІРДІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында Қызылорда облысында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Жаңа жылу электр орталығының құрылысы мен қала аумағын ыстық сумен қамтамасыз ету жұмыстары - өңір үшін стратегиялық маңызы бар бастамалар саналады. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Тахир Нәдірбек пен «Қызылордажылуэлектрорталығы» директоры Бақытжан Молдиманов мәлімдеді.

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу энергиясын құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы жүріп жатыр. Бұл жоба өңірдегі электр тапшылығын болдырмауға бағытталған. Құрылысқа қажетті барлық негізгі қондырғылар жеткізіліп, монтаж жұмыстары қарқынды жүруде. Қазіргі таңда жобаның орындалу деңгейі 70 пайыздан асты. Құрылыс алаңында 1200-ден аса маман мен 130-ға жуық техника жұмыс істеуде. Жобаны толығымен түркиялық инвестор - «Akso Energy» компаниясы жүзеге асырып отыр. Жаңа орталықты 2025 жылдың соңында іске қосу көзделген, - деді Тахир Қуанышбекұлы.

- Мемлекет басшысы 2023 жылғы жұмыс сапары аясында Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырған болатын. Осыған сәйкес, 423 көпқабатты тұрғын үйді ыстық су жүйесіне қосу мақсатында екі кезеңнен тұратын жоба қолға алынды. Бірінші кезеңде 187 үй қамтылып, биыл бұл жұмыстар толығымен орындалды. Енді 2025 жылы 236 үйге желі тарту жоспарлануда. Қазіргі өзінде Ақмешіт пен Мерей мөлтек аудандарындағы 60-тан астам үйде құрылғыларды орнату басталып кетті. Бұл жұмыстар толығымен аяқталғанда қала тұрғындары жыл он екі ай үздіксіз ыстық сумен қамтамасыз етіледі, - деді Бақытжан Молдабекұлы.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.

ҚАЙЫМ АЙТЫСТЫҢ ХАС ШЕБЕРІ

15 шілде күні Айтыс өнерінің XIX ғасырдағы жарық жұлдызы Ұлбике Жангелдіқызының туғанына 200 жыл толуына орай «Қайым айтыстың хас шебері» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты - жастарға ән мен жырдың бесігінде тербеліп өскен Ұлбике Жангелдіқызының өмірі мен шығармашылығын, айтыс өнерінің түрлерімен таныстыру және насихаттау.

Көрмеге сан ғасырдан бері ұмытылмай рухани қазынамын субелі қайнары болып келе жатқан, ақын-жыраулардың шабытын қоздырып, талант көзін ашатын бірден-бір айтыс өнері туралы әдебиеттер мен айтыскер ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мерзімді басылым беттеріндегі мақалалар, энциклопедиялар қойылды.

ЖАРТЫ ЖЫЛДА ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУ МАҢЫЗДЫ



Арал ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті.

Жиынның күн тәртібіне сәйкес 2025 жылғы қантармаусым айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды. Арал ауданында І жарты жылдықтың қорытындысымен

макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасқан және әр сала бойынша көрсеткіштердің оң қарқыны қамтамасыз етілген. Әсіресе асыраушы саланың әлеуеті артып, мемлекеттік экономикалық даму және бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды. Алайда кейбір көрсеткіштер бойынша төмендау

байқалады. Осы мәселені назарға алған аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы жауапты бөлім басшылары мен қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне 2025 жылдың жоспарлы параметрлерінің орындалуын қамтамасыз етуге күш салуды тапсырды.

Сонымен қатар бюджеттің игерілу мәселесі бойынша да бірқатар олқылықтарды саралап, бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне осы жылға жоспарланған барлық қаражаттарды толығымен игеруді тапсырды.

Арал ауданының әкімі алдағы уақытта жоспарға сәйкес тағы бірқатар жұмыстар атқарылып, жаңа жобалар жүргізілетінін жеткізді.



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде осы жылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылуы талқыланды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте бюджеттің игерілуі, тұрғын үй мәселесіне қатысты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Негізгі макроқорсеткіштердегі оң динамиканы жыл аяғына дейін сақтап қалу үшін тиісті жұмысты ұйымдастырыңыздар. Республикалық бюджеттен жоспарланған нысаналы трансферттердің толық әрі уақытылы қаржыландырылуын салалық министрліктермен пысықтаңыздар. Ай сайынғы қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес қаржы толық игерілуі керек. Жергілікті бюджеттің салық базасын ұлғайту мәселесі күн тәртібінен түспейді. Сондықтан, аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдіктеріне кіріс көзінің қосымша резервтерін табу жұмыстарын барынша күшейту тапсырылады. Салық түсімдерін, оның ішінде мүлік, көлік, жер салықтарын, айыппұлдар бойынша берешектерді өндіруді жеделдету қажет.

Облыс әкімі тұрғын үйлерде анықталған кемшіліктерді 1 шілдеге дейін қалпына келтіруді тапсырған болатын. Алдағы уақытта қандай да бір кемшілік анықталса, дереу түзетуді қолға алу керек. Кепілді мерзімде кемшіліктерді жоймаған мердігерлерге заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданады», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кетейік, 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында өңір экономикасында тұрақты өсім байқалды. Өңдеу өнеркәсібі 17,2%-ға, ауыл шаруашылығы 2,8%-ға, құрылыс жұмыстары 44,5%-ға, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 6%-ға, сауда 5,4%-ға, көлік және қоймалау саласы 0,6%-ға артты. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 21,5%-ға ұлғайды, оның ішінде жеке инвестиция 9,4%-ға өсті.

Биыл өңірге 631,4 млрд теңге инвестиция тарту, 27 жобаны іске қосу жоспарланған. Атап айтқанда, «Akxa Energy» компаниясының жылу-электр орталығы, кірпіш және қиыршық тас зауыттары, айна шығару өндірісі, «Марал Нұр» серіктестігінің жолаушылар вагондарын жөндеу кешені, «Орхун Медикал» медицина орталығы, кондитерлік және макарон өнімдері өндірісі, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру зауыты мен әрқайсысы 2 мың шаршы метрлік екі шағын өнеркәсіптік аймақ. Құрылысы басталған 14 ірі жобаның қатарында кальциленген сода зауыты, «Шалқия» кен-байыту фабрикасы, көкөніс пен жеміс сақтау және алма шырынын өндіру кешені, «Rixos» бес жұлдызды қонақ үйі, корейлік «WizYou» компаниясының қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауыты, «Seven Rivers» компаниясының бөтелке шығару зауыты бар.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРДЫ БАЯНДАДЫ

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне I жартыжылдықта салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде барлығы 33 519 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлік субъектілерде 69 857 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 721 млрд. 913 млн. теңгенің өнімі өндірілді.

- Есепті кезеңде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 124 млрд. 217 млн. теңге жетті. Осы инвестициялардың нәтижесінде қалада биыл жалпы құны 233,6 млрд. теңгені құрайтын 13 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы көзделуде. Атап айтсақ, I жартыжылдықпен «Қызылорда Саз М» ЖШС-нің заманауи кірпіш шығару зауыты, «Қызылорда-Нан» ЖШС-нің нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару кешені, машина жасау саласында «Марал-Нұр» ЖШС-нің вагон жөндеу депосы және «Панабек»



ЖШС-нің жиһаз цехы іске қосылды. Сондай-ақ, «Rem Plast Invest» ЖШС-нің қағаз мен картон өндірісі, «Ayna Glass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару зауыты, «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік паркттері, «Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігінің сауда үйі мен «Orhun Medical» ЖШС-нің медициналық орталығы жақын күндері өз жұмысын бастайды.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу орталығы пайдалануға беріледі. Бұған қоса, биыл «With You E&C Kyzylorda» серіктестігінің Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу және «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны сынықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату желісі бар шыны ыдыстарды шығару зауытының құрылысы бастау

алады, – деді бөлім басшысы.

Бұдан бөлек, сауда базарларын жаңғырту жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асуда. 2024 жылы «Сұлтан» базарын жаңғырту жұмыстары қолға алынып, қазір құрылысы аяқталуға жақын.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Соның бірі, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 238,83 млн. теңгені құрайтын 34 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы, жалпы құны 293,5 млн. теңгеге 7 жоба жоба қаржыландырылды. Аталған ұйымның «Іскер» бағдарламасымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерден 266,73 млн. теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылды.

Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен субсидиялау шаралары да жалғасуда. Жыл басынан бері 3 млрд. 691 млн. теңгені құрайтын 64 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.



КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТТЕРІ ЖАҢАРТЫЛУДА

Көпқабатты үйлердің қасбеттерін панельдермен қаптау жұмыстары биыл да жалғасуда. Облыс әкімінің қолдауымен игілікті іске облыстық бюджеттен 1,4 млрд. теңге бөлініп, көпқабатты 20 тұрғын үйдің қасбетін жаңалау жүргізілуде.

Жоспар бойынша «Астана», «Шұғыл» мөлтек аудандары, Тәуелсіздік, А. Тоқтағамбетов, Д. Қонаев, Е. Әуелбеков, Әйтеке би, Төле би, Т. Әбуов көшелері мен Н. Назарбаев, Абай даңғылдарындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеті ретке келтірілмек.



616 ГЕКТАР ЖЕР УЧАСКЕСІ МЕМЛЕКЕТТІҢ АРНАЙЫ ЖЕР ҚОРЫНА ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне I жартыжылдықта салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Есепті кезеңде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1 млрд. 836,2 мың теңгені құрады. 8695 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 3454 гектарға, картоп 130 гектарға, көкөніс 1329 гектарға, бақша дақыл 990 гектарға егілді. Ал, мал шаруашылығы бойынша, 1100,1 тонна ет, 1093,8 тонна сүт, 149,4 мың дана жұмыртқа өндірілді. Жалпы, қала бойынша мүйізді ірі қара 31 407 бас, уақ мал 35 709 бас, жылқы 21 257 бас, түйе 3306 бас, құс 16 344 бас өсірілуде.

- Мақсатына сәйкес пайдаланбаған кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскелерін заң талаптарына сәйкестендіру бағытында мониторинг жұмыстары өз жалғасын табауда. Бүгінде осындай 616 гектар жер учаскесі мемлекеттің арнайы жер қорына қайтарылды. 180 жер учаскесі, атап айтқанда жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған (игерілмеген) кәсіпкерлік мақсатында 76 жер

учаскесі, мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, артық қоршау көлемі 1 млрд. 836,2 мың теңгені құрады. 8695 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 3454 гектарға, картоп 130 гектарға, көкөніс 1329 гектарға, бақша дақыл 990 гектарға егілді. Ал, мал шаруашылығы бойынша, 1100,1 тонна ет, 1093,8 тонна сүт, 149,4 мың дана жұмыртқа өндірілді. Жалпы, қала бойынша мүйізді ірі қара 31 407 бас, уақ мал 35 709 бас, жылқы 21 257 бас, түйе 3306 бас, құс 16 344 бас өсірілуде.

- Мақсатына сәйкес пайдаланбаған кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскелерін заң талаптарына сәйкестендіру бағытында мониторинг жұмыстары өз жалғасын табауда. Бүгінде осындай 616 гектар жер учаскесі мемлекеттің арнайы жер қорына қайтарылды. 180 жер учаскесі, атап айтқанда жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған (игерілмеген) кәсіпкерлік мақсатында 76 жер

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен туристік аймақтарға келушілерге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Оған қала, аудан әкімдері және сала басшылары қатысты.

«Туристтік аймақтарда, демалыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету – келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғап, өңірдің туристік оң имиджін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін құтқару топтары мен алғашқы көмек көрсету пункттері сақалдай сай болуы керек. Демалыс орындарын туристер мен демалушыларға арналған қауіпсіздік нұсқаулықтарымен қамтамасыз етіңіздер. Демалыс



орындарында санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталуын бақылауға алыңыздар. Аудандардағы туристік нысандар мен демалыс орындары нақты көрсетілген белгілермен, шұғыл

жағдайлардың алдын алу үшін байланыс арналарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Қауіпсіздік шараларын телеарналарда, әлеуметтік желілерде, интернет ресурстарда кенінен

ақпараттандырыңыздар», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кету керек, осы жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында туризм саласына 25,7 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл көрсеткіш былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,2 есеге артты. Іскерлік туризм бағытында ұйымдастырылған халықаралық және республикалық іс-шаралар нәтижесінде облысқа келуші туристер саны едәуір көбейді. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша туристер саны 48 мың адамға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 89,2%-ға өсті. Облыс аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізі бойында 55 жол бойы сервистік кешені жұмыс істейді.

Жазғы демалыс маусымында өңірде 13 шағын және 2 ірі демалыс орны халыққа қызмет көрсетуде.

ТАЛАП ПЕН МІНДЕТ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен туристік аймақтарға келушілерге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы мәжіліс өтті. Жиында қала аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің бойындағы сервистік кешендердің қызмет көрсету сапасын арттыру тапсырылды. Сондай-ақ, күре жолдағы қоғамдық орындардың күтімі, тазалық тәртібі күнделікті бақылауда болуы міндеттелді. Сонымен қатар, тарихи ескерткіштер аумағының тазалығы, жазғы уақытта қоғамдық тамақтану мен суға шомылу орындарындағы санитарлық талап, қауіпсіздік мәселелері кенінен талқыланды.

– Жол бойында, демалыс орындарында санитарлық талап пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету – туристік имиджді нығайтудың көзі. Сондықтан келушілерге жайлы жағдай жасау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылу қажет, – деген Нұржан Сәбитұлы жауапты сала басшыларына ауқымды міндеттер жүктелді.

Жалпы, туризм – тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар төл мәдениетімізді, терең тарихымызды, табиғи байлығымызды әлемге танытудың тиімді тегігі. Бұған өңірдегі қоғамдық саяси жағдайдың тұрақтылығы, жан-жақты даму деңгейі, сервистік қызмет көрсету орындарының сапалы қызметі де ықпал етеді.

КЕЗЕКТІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қызылорда қаласы бойынша «Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық ұшжарық комиссияның» кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде еңбек қатынастары туралы қаралды.


Отырысқа қала бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар, еңбек жанжалдарының туындауы мүмкін тәуекел деңгейінде қалыптасқан кәсіпорын өкілдері шақырылып, әлеуметтік төлемдерді кешіктіріп төлейтін кәсіпорындарға шара қолдану туралы түсіндірілді.

Кәсіпорын басшыларының әлеуметтік төлемдердің кешіктіріліп төленуі себептері тыңдалып, барлық мекеме өкілдеріне уақытылы төлем жүргізу тапсырылды.

Айта кету керек, бүгінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек



инспекциясы комитетімен кәсіпорындар мен ұйымдардағы туындауы мүмкін наразылықтардың алдын алу, мерзімінде шаралар қабылдау бағытында «Еңбек тәуекелдер картасы» жүйесі іске қосылып, жұмыс істеуде.





БӨТЕННІҢ МҮЛКІН АЛДАУ ЖОЛЫМЕН ЖЫМҚЫРҒАН

Қызылорда қаласының №2 сотында ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған азамат С.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. 2023 жылы қазан айында сотталушы С. Қызылорда қаласында туыстарының үйінде болған отырыс барысында өзінің туысқан тәтесі жәбірленуші Т.-ның өзге қаладан пәтер алғысы келетінін біліп, оған Алматы қаласынан пәтер алып бере алатыны жөнінде жалған ақпарат берген. Алаяқтық ниетпен пәтердің бастапқы жарнасы және құжат рәсімдеуге қажет деп, жәбірленушіден 560 000 теңге көлемінде ақша қаражатын өз есепшотына аудартқан. Кейін қосымша 50 000 теңге сұрап, жәбірленушіден жалпы сомасы 610 000 теңгені алдау арқылы иемденіп, бөтеннің мүлкін алдау жолымен жымқырып, алаяқтық қылмыс жасаған.

Сотталушының кінәсі өзінің мойындаған жауабымен қатар,

жәбірленушінің айғақтарымен, іс бойынша заттай дәлелдемелер деп танылған есеп-шотқа ақша қаражатының аударым жасаған құжаттарымен және процестік әрекеттердің хаттамаларымен, жинақталған іс құжаттарымен дәлелденген. Сотта жәбірленуші 450 000 теңгесін қайтарғанын, қалған 160 000 теңгесін қайтаруға уәде бергенін көрсетті.

Сот үкімімен сотталушы С. ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған, ҚК-нің 58-бабының талабымен 05.03.2025 жылғы сот үкімімен тағайындалған жазасына онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 3 жылға басбостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Азаматтық талапкердің пайдасына 160 000 теңге мүлкітік залал өндірілді.

Қызылорда қаласының №2 соты

ЖАСӨСПІРІМНІҢ АНАСЫ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен азаматша Ф.-ға қатысты іс қаралды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес, азаматша Ф. 13.07.2009 жылғы кәмелетке толмаған ұлы

Ж. 15.05.2025 жылы сағат 08:10 шамасында Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев пен Ш.Есенов көшелері қиылысында өзінің басқаруындағы мотокөлігімен автокөлікке соғып, жол көлік оқиғасын жасаған. Яғни, ата-ананың міндеті кәмелеттік жасқа толмаған ұлын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамай, ұлының әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекетке баруына жол берген.

Сот қаулысына сай азаматша Ф. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 55048 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

ЖАНЖАЛ ТАТУЛАСУ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛДІ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 73 бабының 1-бөлігімен азамат П.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азамат П. жәбірленуші О.-ға былапыт сөйлеп, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіріп, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсеткен. Сот отырысында құқық бұзушы П. әрекетін толық мойындап, жәбірленушіден кешірім сұрап татуласқанын көрсетіп, әкімшілік құқық бұзушылық ісін өндірістен тоқтатуды сұрады. Жәбірленуші О. сот отырысына дейін жазбаша арызданып, арызында әкесіне кешірім беретінін көрсетіп, істі өзінің қатысуынсыз қарауды, іс жүргізуді тоқтатуды сұраған.

Сот отырысымен құқық бұзушы П. әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босатылды және 64-бабына сай өндірістен тоқтатылды.

Сырдария аудандық соты

ҚАРЫЗ АҚША ӨНДІРУ ХАТТАМА ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ



Қармақшы аудандық сотында қарыз ақша өндіру туралы талап қою бойынша іс жүргізу тоқтатылды. Талап қоюшы «М» ЖШС жауапкер И.-ден банктік қарыз шарты бойынша берешек 136496 теңге қарыз сомасын өндіру туралы

талап қоюмен сотқа жүгінген. Дау бойынша татуластырушы-судья тарапынан сотқа дейінгі татуластыру рәсімдерін жүргізу нәтижесінде сотқа дейінгі хаттама жасалып, тараптар өзара татуласып, ай-сайын 22 000 теңгеден қарызды төлеу жайлы дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

Соттың ұйғарымымен тараптар арасындағы қарыз ақшаны өндіру туралы азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдері бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды. Талап қоюшыға төлеген мемлекеттік баж алымы қайтарылды.

Қармақшы аудандық соты

СОТ ЗАЛЫНДА ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс бойынша А. кәмелетке толмаған балаларын асырап бағу үшін өндіріп алушы А.-ның пайдасына алимент өндіру туралы сот бұйрығын орындаудан жалтарып, 1 082 413 теңге көлемінде алимент бойынша берешегі жинақталған.

Сот отырысында А. сот бұйрығы шығарылғанын білетінін, жұмысы болмауына

байланысты алимент бойынша міндеттемелерін орындай алмағанын көрсетті. Азамат А. 01.10.2024 жылдан бері жұмыс істеп, табыс тауып, табысынан алимент төлеуге нақты әрекеттер жасамаған, жұмыссыз ретінде тіркелмеген. Сот қаулысымен А. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.

Сырдария аудандық соты

«БЕКІТЕМІН»
Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы
Р.Әбдіқасов
« » 2025 жыл

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2025 жылдың ІІІ-тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты- жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әбдіқасов Рауан Мұрсалұлы	Бөлім басшысы	Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00- 19.00	Жосалы кенті, Рыскулов көшесі № 35 үй	2-31-08

2025 жылғы ІІІ-тоқсандағы Таң ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Таң	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағат 15.00 ден 19.00-ге дейін	Таң ауылы, Сегізбай би көшесі №10	37-1-63
2	Жаңа қоныс	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Жұма сағат 15.00 ден 17.00 ге дейін	Жаңа қоныс елді мекені, Фельдшерлік бөлім	40-5-60

БОС ОРЫНДАРҒА ҮМІТКЕРЛЕР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Төлебаев көшесі № 39, анықтама үшін 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.мекен жайы usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz бос орындарға үміткерлерді қабылдауға хабарландыру жариялайды:

№	Лауазымы	Санаты	Лауазымдық жалақы	Лауазымдық жалақы + 30% экологиялық төлем
1	Полицей	C-SV-12	153 887	200 053

1. Саптық бөлінісінің полицейі (C-SV-12), (қатардағы және кіші басшы құрам).
Функционалдық міндеттері: Қылмыстық және өзге де қолсұғушылықтардан мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуін күзет (режимдік) іс-шараларын жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету, бекет аймақтарында және патрульде бағыттарында полицияның кешенді күштері құрамында қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтарға қарсы күресті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу.
Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар: білімі орта, бойы - 170 сантиметрден кем емес, жасы-отыз бес жастан жоғары емес, талапқа сәйкес білімі, жедел әскери қызметінен немесе әскери-техникалық мектебінен өткен. Осы категория бойынша өтінім берген азаматтар, зейнетақы алуға жеткен жаста (қырық сегіз жас) Ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі үздіксіз жиырма бес жыл болуы тиіс.

Қызылорда облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлім

ОБЪЯВЛЕНИЕ НАБОР КАНДИДАТОВ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ

Государственное учреждение Управление специализированной службы охраны Кызылординской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан, г.Кызылода, ул. Тулебаева № 39, телефон для справок. 8 (7242) 27-80-86 факс, 8 (7242) 26-33-69, эл.адрес usso.shtab-kzo@mvd.gov.kz объявляет набор кандидатов на занятие вакантных должностей:

№	Должность	категория	Должностной оклад	Должностной оклад + 30% экологическая надбавка
1	Полицейский	C-SV-12	153 887	200 053

1. Полицейский строевого поодразделения (C-SV-12), (рядовой и младший начальствующий состав).
Функциональные обязанности: Обеспечение безопасного функционирования объектов, подлежащих государственной охране, от преступных и иных посягательств, путем осуществления охранных (режимных) мероприятий, обеспечения охраны общественного порядка и борьбы с правонарушениями в зонах постов и маршрутов патрулирования нарядов. Взаимодействие с другими подразделениями органов внутренних дел по предупреждению, выявлению, пресечению преступлений и административных правонарушений.
Основное требование к кандидатам: среднее образование. Рост не ниже 170 сантиметров. Возраст не старше тридцать пяти лет, имеющие соответствующее образование, прошедшие срочную военную службу или военно-техническую школу. Граждане, подавшие заявки на участие в конкурсе по данной категории, при наступлении пенсионного возраста (сорок восемь лет) должны иметь выслугу двадцать пять лет службы в органах внутренних дел.

Отдел по работе с личным составом Управление специализированной службы охраны Кызылординской области

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Оның алдын алу үшін көптеген іс-шаралар қолданылып, атқарылған жұмыстар аз емес. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз болып саналады. Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен қарменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоютын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпіл ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

**Абдикалыков Қуаныш Боранбекович,
Жанаталап ауылдық округі әкімі аппараты**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақ-Ниет» шаруа қожалығы қызметін жүйеге қою және қатысушылардың өтініштеріне байланысты қожалықтың жалпы жиналысынан уйымдастыру қажеттілігі туындауда. Осыған орай, «Ақ-Ниет» шаруа қожалығы қатысушыларыныңжалпы жиналысына шақырамыз.


Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні:

Жалпы жиналыс 22 тамыз 2025 жылы сағат 09:00-деҚармақшы ауданы ІІІ-Интернационал ауылының мәдениет үйінде өтеді. Тіркелу уақыты сағат 07:00-ден 09:00-ге дейін.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1.Жер үлескерлерінің (жатысушылар) өтініштеріне байланысты жер учаскесін бөліп беру.
2.«Ақ-Ниет» шаруа қожалығынан бөлінетін жер учаскелерін анықтап, белгілеу.

**«Ақ-Ниет» шаруа қожалығы
жетекшісі А.Мұратов**



Халықпен етене араласып, жаңалықты елге жеткізетін жанның бірі – пошта қызметкері. Ол – қоғамның тыныс-тіршілігін елмен бөлісетін, ауыл мен қаланы, адам мен адамды байланыстыратын алтын көпір. Баспасөз – ақпарат таратушы, ал оны елге дер кезінде жеткізетін, оқырманның қолына аман-сау табыстайтын пошташы – осы жүйенің басты тұлғасы. Сондықтан да оларды бекерден-бекер «байланыс саласының бапкерлері» деп атамайды.

БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ – СӘЛІМ НАРЫМБЕТОВ

Пошта қызметкері болу – тек хат-хабар, газет-журнал таратумен шектелмейді. Бұл – жауапкершілік пен сенімге негізделген мамандық. Әсіресе ауыл-аймақтағы пошташылардың еңбегі ерекше. Олар ауа - райының қандай болуына қарамастан, жаяу-жалпы газет-журналды уақтылы жеткізіп, қарттардың зейнетақысын таратып, елдің аманатын адал атқарып келеді. Бұл – жанқиярлық еңбек, шынайы патриотизмнің бір көрінісі.

Пошта саласында бірнеше жыл еңбек етіп, адал қызметімен ел алғысына бөленген адамдар аз емес. Олар өз істерін сүйіп атқарып, ел мен баспасөз арасын жалғай білді. Сондай жандардың еңбегі – жас буынға үлгі болып, мамандықтың бағасын арттырды. Әр саланың дамуына зор үлес қосып, уақыт пен қоғам талабына сай табанды еңбек еткен азаматтар ел есінде қалады.

Адам өмірі – бір дәуірдің шежіресі. Ал сол шежіреге қолтаңбасын қалдырғандар санаулы. Сондай ұлтқа адал қызмет етіп, өзі жұмыс істеген салада ізі мен өнегесін қалдырған тұлғалардың бірі – Сәлім Нарымбетов еді. Оның бүкіл өмір жолы мен еңбек жолы – бір мектеп, бір тағылым.

Сәлім Нарымбетов еңбек жолын 1958 жылы Қазалы ауданындағы «Союзпечаттың» баспасөз тарату бөлімінде инспекторлық қызметтен бастады. Алғырлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 1967 жылға дейін осы бөлімнің бастығы қызметін атқарды. Іскерлігі мен тындырымды еңбегі арқылы ол көп ұзамай облыстық деңгейде таңылып, Жаңақорған аудандық байланыс торабының бастығы болып жоғарылады. Бұл қызметті ол 1993 жылға дейін үлкен абыроймен атқарды. Осы жылы облыстық мемлекеттік

Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №2 үйде 26 шілде 2025 жылы сағат 12-00 де Сәлім Нарымбетовтың қырық күндік асы берілетіндігін хабарлаймыз.

ҚЫСҚА Әңгімелер

«Ұмытпа»

Ұстазы оқушыға: – Сабактан бұрын адам болуды ұмытпа. Оқушы жылдар өте мұғаліміне алғыс айтып. Сіз айтқан сол сөз – менің өмірлік ережем болды. «Кешірім»
Бала ойыншықты сындырып қойды. Анасы ашуланды.
Бала: – Кешіріңші...
Анасы құшақтап: – Сен мен үшін бәрінен қымбатсың.

«Мейірім»

Қарияға орын берді. Қария: – Ата-анаң тәрбиелі екен.
Бала: – Иә, мен мейірімділікті үйден үйрендім.

«Тыңдау»

Ұстаз сөйледі. Бала ұялы телефонына қарап отырды.
Ұстаз: – Сен мені емес, болашағыңды тыңдамадың.

«Сағыныш»

Әже: – Келіп тұрасың ба, балам?
Немересі: – Уақытым болмай жүр...Әже терең күрсінді.
Сағыныш үнсіз ғана қартайтады...

МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР НЕ БЕРЕДІ



Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді ресми бекітіп, құжатқа қол қойды. Бұл өзгерістердің қаралайым азаматтар мен жалпы жүйеге қалай әсер ететіні жайында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры түсініктеме берді.

Халықты қамту аясын кеңейту

Қазіргі уақытта халықтың 83%-ы сақтандырылған. Алайда шамамен 3,3 миллион адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр. Үкіметтің 2024 жылғы 7 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырған болатын. «Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс», деген еді Президент.

Осыған байланысты халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі) санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлетіпін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылмақ. Сонымен қатар, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде әкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс

орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа норма енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады (бұған дейін бұл мерзім 3 ай болатын).

Мәселен, азамат бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жұмыс істеп, жарналарын уақтылы төлеп келсе, бірақ кейін жұмысынан айырылып, табыссыз қалған жағдайда оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Алайда кейін сол айлардағы берешекті өтеу қажет болады.

Бірыңғай пакетті қалыптастыру

Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» жасауға ерекше

назар аударған болатын. Қабылданған өзгерістерге сәйкес, онкологиялық скринингтер 2026 жылдан бастап ТМҚКК тізіміне өтеді және МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болады. Сондай-ақ, 8 әлеуметтік мәні бар ауруға (туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфаркті, инсульт) күдік туындаған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек те тегін көрсетілетін болады. Бұған дейін мұндай көмек тек АИТВ мен туберкулезге күдік болғанда ғана ұсынылатын.

2026 жылдан бастап МӘМС-тің базалық пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ динамикалық бақылауды қажет ететін созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді. Аталған аурулар тізбесіне бауыр аурулары; қан мен қан түзуші ағзалар аурулары; жоғарғы асқорыту жолдарының аурулары; инфекциялық емес энтерит пен колит; атропатиялар, дорсопатиялар; қалқанша безі аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің қатерсіз дисплазиясы; әйелдердің жыныс мүшелерінің қабінусыз аурулары; бронхөкпе дисплазиясы; жүректің туа біткен ақаулары; даму ақаулары жатады.

Жарна есептеу шегінің өзгеруі

Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – медициналық сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығы. Осыған байланысты, 2026 жылғы қаңтардан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін қолданылатын табыс көлемінің жоғарғы шегі жаңартылады:

- Жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ),

- Қызметкерлер үшін – 20 ЕТЖ.

Бұл – бастапқыда ұсынылған 50 ЕТЖ орнына қабылданған келісімді шешім, яғни жүйенің тұрақтылығын сақтай отырып, салық жүктемесінің шектен тыс өсуіне жол бермейді. Аталған өзгеріс жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы шараның нәтижесінде МӘМС жүйесінің табысы жылына шамамен 200 млрд теңгеге артады деп күтілуде.

Мемлекет жарнасының мөлшерлемесін арттыру

Заңнамаға сәйкес, мемлекет МӘМС жүйесінде жеңілдігі бар санаттарға жататын азаматтар үшін жарна төлейді. Бұл жарналар республикалық бюджеттен бөлініп, балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жүкті әйелдер және тағы басқа 15 санаттағы азаматтардың медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда МӘМС жүйесіне төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшері ең төмен деңгейде – 2025 жылы 2%. Салыстырмалы түрде, басқа елдерде бұл көрсеткіш 9-14,5% аралығында. Жүйені бастапқы жобалау кезінде жарна мөлшерлемелері жоғарырақ болып жоспарланған, алайда жүйе іске қосылған кезде олар едәуір төмендетілген еді.

Алайда «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» енгізіліп, МӘМС жүйесінде қосымша міндеттемелердің қосылуына байланысты жүйенің қаржылық жүктемесі күрт өсіп отыр. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жарна мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен арттыру ұсынылуда:

- 2027 жылы – 2,2%,
- 2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін біртіндеп өсіру.

Бұл ретте жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жарна мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады.

Спорт жаңалықтары

БАСКЕТБОЛШЫЛАР ҮЗДІК НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ



Сыр спорты тағы бір тарихи белесті бағындырды. Жуырда қызылордалық баскетболшылар ел ішінде өткен маңызды додаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, аймақ абыройын асқаттағты. Атап айтқанда, 1-4 шілде күндері Алматы облысы, Қонаев қаласында 4-8 шілде аралығында баскетболдан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен Қазақстан Республикасының VI Жастар спорт ойындарында Қызылорда облысының командасы тартысты ойын өрнегін көрсетіп, жүлделі III орынды иеленді. Сондай-ақ, Талдықорған қаласында 4-8 шілде аралығында баскетболдан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында баскетболшыларымыз жүлделі орындарды еншілеп, марапат төрінен көрінді. Атап айтқанда 16 жас аралығындағы ұлдар арасында - I орын, 14 жас аралығындағы қыздар арасында жүлделі - II орын, 12 жас аралығындағы қыздар арасында жүлделі - III орын иеленді.

Осыған орай, бүгін облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы команда жетекшілері, тәжірибелі бапкерлер Александр Жавзмагин және Азамат Сыздықовты қабылдап, аймақ спортын дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс білдіріп, бұдан да биік белестерді бағындыруға сенім білдірді. Сондай-ақ, алда өтетін ауқымды жарыстарға сәттілік пен жеңіс тіледі. Айта кетейік, 31 тамыз бен 7 қыркүйек аралығында Моңғолияның Ұлан-Батыр қаласында баскетболдан Азия кубогы өтетін болады. Әр елден іріктелген үздік спортшылар қатарында қызылордалық Айтөре Сыздықов та бар. Ол жасөспірімдер арасында өтетін тартысты бәсекеде бақ сынамақ.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Шиелі ауданында тыл ардагері, Құрметті теміржолшы Нұрғали Қауғанбайұлын еске алуға арналған қазақ күресінен облыстық деңгейде турнир ұйымдастырылды.

Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов пен Құрмет орденінің иегері, «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Тыл ардагерін еске алу мақсатында ұйымдастырылған бұл турнирдің сәтті өтуіне тілектеспін. Қатысушыларға сәттілік серік болғай. Әрдайым жеңісті күндеріміз көп болғай. Қазақ жастары қашан да жеңіс тұғырынан көрінсін деген ниеттеміз. Алдағы уақытта мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылатын болады. Барлық атқарылатын жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда, – деді Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Б.Ысмағұлов.

Додалы бәсекеге Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарынан келген 2012–2013 жылы туған 100-ден астам жас балуан қатысып, 9 салмақ дәрежесі бойынша өзара мықтыны анықтады.

Бүгінгі турнир – ұлттық спортты дамыту мен жас балуандарды ынталандырудың, сондай-ақ, еңбек ардагерлерін құрметтеп, олардың есімін мәңгі есте қалдырудың жарқын үлгісі.

СЫР СПОРТЫНЫҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАРСЫ АЛДЫ

Жақында Астана қаласында ауыр атлетикадан жастар және жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өткен болатын. Көптен күткен дүбірлі додала Сыр спортшылары үш алтын, бір күміс, үш қола медаль иеленіп, аймақ мерейін үстем етті.

Осыған орай, қаладағы темір жол вокзалында қызылордалық жанкүйерлер жеңімпаз спортшыларды ыстық ықпалмен қарсы алып, оларға ерекше құрмет көрсетті. Салтанатты күтіп алу шарасына ата-аналар, спортшылар мен жаттықтырушылар және басқармаға қарасты спорт мектептерінің қызметкерлері қатысты.

Өз кезегінде жанкүйерлер жеңімпаз спортшылардың алдағы жарыстарына сәттілік тілеп, әлемдік бәсекелердің биік шыңдарын бағындыра берсін деп тілек білдірді.

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/PY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға
«Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №154

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/